

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (3)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразак Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жұматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 3, pp. 570–584, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_35_3_570-584

ARMED REFUGEES IN THE SOUTH-EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE 1930S: CAUSE AND EFFECT

*Stamshalov Yerkin Imangasievich*¹

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
 (28, Shevchenko Str., 050010 Republic of Kazakhstan, Almaty)
 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov, 2023
 © Stamshalov Y.I., 2023

Abstract. *Introduction.* Popular protest against Soviet policy in the south-east of Kazakhstan in the 30s of the XX century, various political and economic campaigns of a predatory nature, forced collectivization led to internal and external refugee peasants. In the proposed article, based on the materials of domestic and Russian archives, new research comprehensively analyzes the manifestations of armed refugee in the south-eastern region of Kazakhstan in the 30s of the XX century. *Goals and objectives.* The ruined peasants of the region were forced to flee, mainly to Kyrgyzstan and Western China. Peaceful nomadic peasants, who used to roam with a small number of cattle, turned into refugees. Peasants moved across the border in the co-movement of armed detachments created by them and specially arrived from China. *Results.* Among the refugees were the social support of the Soviet government – members of the CPSU (b), candidates for party members, Komsomol members. Seeing the reason for the failure of the policy of modernization of agriculture in the Soviet form in the "provocation of the bai-kulaks", the authorities confronted the refugees with hastily created voluntary, communist detachments, training them in military affairs and providing them with weapons. Komotryads and regular military units, pogarnichny detachments in the border areas of the Almaty and Semipalatinsk regions brutally dealt with and robbed poorly loaded refugees. *Conclusions.* Kazakh peasants, caught in a bilateral infringement by the Soviets and China, suffered a social catastrophe.

Keywords: Armed refugees, economic and political campaigns, border areas, Communist troops, grain-cattle procurement campaigns, special reports of the OGPU, border troops.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Soviet Kazakhstan: Historical lessons of social and ethnic conflicts (1920–1991)» (Registration number: AR 09259347).

For citation: Stamshalov Y.I. Armed refugees in the south-eastern region of Kazakhstan in the 1930s: cause and effect // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 12. No. 3. Pp. 570–584. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_35_3_570-584

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ ҚАРУЛЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ: СЕБЕП-САЛДАРЫ

Стамшалов Еркін Иманғазыұлы¹

¹Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD-докторант

 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТӘИ, 2023

© Стамшалов Е.И., 2023

Аңдатпа. *Kіріспе.* XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы кеңестік саясатқа, тонаушылық сипатындағы түрлі саяси-шаруашылық науқандарға, күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа алып келді. Ұсынылып отырған мақалада отандық және ресейлік архивтер деректері, тың зерттеу еңбектер негізінде босқыншылық апаты, оның ішінде қарулы босқыншылық көріністері жан-жақты талданды. Мақаланың *мақсаты мен міндеттері* шаруаларды Қырғызстан мен Батыс Қытайға босқыншылығының тарихи себеп-салдарын анықтап, талдау. *Нәтижелер.* Бұрын да аз мөлшерде малын айдап шекара асып жататын бейбіт шаруалар көші тұтас ауылдарды ұйымдастырған қарулы босқыншылыққа ұласты. Шаруалар өздері құрған қарулы отрядтар, Қытайдан келген қарулы топтар күшімен шекарадан өтіп, көшіп жатты. Босқындар қатарында кеңес өкіметінің тірегі – партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болды. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатының сәтсіздігін «бай-кулактардың арандатуынан» көрген жергілікті өкімет коммунистер мен комсомолдардан ерікті отрядтар, комотрядтар құрып, оларды әскери жаттықтырудан өткізіп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп қарсы салды. Алматы, Семей облыстары шекаралық аудандарындағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер, шекара әскерлері нашар қауланған босқындарды асқан қатыгездікпен қырып, тонады. *Қорытынды.* Екі жақты қыспаққа түскен қазақ шаруалары барар жер, басар тауы қалмай әлеуметтік апатқа ұшырады.

Түйін сөздер: Қарулы босқыншылық, шаруашылық-саяси науқандар, шекаралық аудандар, коммунистік отрядтар, астық-ет дайындау науқандары, ОГПУ арнайы ақпарлары, шекара отрядтары.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Кеңестік Қазақстан: әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымы (1920–1991 жж.)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 09259347).

Дәйексөз үшін: Стамшалов Е.И. XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп-салдары // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. 570–584 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_35_3_570-584

ВООРУЖЕННОЕ БЕЖЕНСТВО В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

Стамшалов Еркін Иманғазиевич¹

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD докторант

 <https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>. E-mail: kun2013@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Стамшалов Е.И., 2023

Аннотация. *Введение.* Народный протест против советской политики на юго-востоке Казахстана в 30-е годы XX века, различные политико-хозяйственные кампании грабительского характера, насильственная коллективизация привели к внутреннему и внешнему беженству крестьян. В предлагаемой статье на основе материалов отечественных и российских архивов, новых исследований всесторонне проанализированы проявления вооруженного беженства в юго-восточном регионе Казахстана в 30-е годы XX столетие. *Целью и задачей* данной статьи является анализ действия разоренных крестьяне региона, которые вынужденно бежали, в основном, в Кыргызстан и Западный Китай. *Результаты.* Мирные крестьяне-кочевники, которые раньше кочевали с небольшим количеством скота, превратились к вооруженным беженцам. Крестьяне перебирались через границу в сопровождении созданных ими и специально приехавших из Китая вооруженных отрядов. В числе беженцев были и социальная опора советской власти – члены ВКП (б), кандидаты в члены партий, комсомольцы. Видя причину провала политики модернизации сельского хозяйства в советской форме в «провокации баев-кулаков», власти противостояли беженцам спешно созданными добровольными, коммунистическими отрядами, обучив их военному делу и обеспечив вооружением. Комотряды и регулярные воинские части, пограничные отряды в приграничных районах Алматинской, Семипалатинской областей жестоко грабили и расстреляли плохо вооруженных беженцев. *Выводы.* Казахские крестьяне, попавшие в двухстороннее ущемление со стороны Советов и Китая, потерпели социальную катастрофу.

Ключевые слова: Вооруженные беженцы, хозяйственно-политические кампании, пограничные районы, коммунистические отряды, хлебо-ското заготовительных кампании, специальные сводки ОГПУ, пограничные отряды.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Советский Казахстан: исторические уроки социальных и этнических конфликтов (1920–1991)» (регистрационный номер: AP 09259347).

Для цитирования: Стамшалов Е.И. Вооруженное беженство в юго-восточном регионе Казахстана в 30-е годы XX века: причины и последствия // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 3. С. 570–584. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_35_3_570-584

Кіріспе

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірі шаруаларының елі ішінде және шетелдерге босқыншылығы проблемасының ауқымы, қарастырылатын қырлары да көп. Кеңестік өкіметтің әртүрлі шаруашылық-саяси науқандарының әрқайсысы шаруалар босқыншылығын туғызып келді. 1928 жылғы байларды тәркілеп, жер аудару қарсаңында, тәркілеудің барысында және аяқталғаннан кейінгі кездегі шетелдерге босқан шаруалар көші туралы мәліметтер ОГПУ, партия ұйымдары ақпарларында көрсетілген. Жағдай ет-астық дайындау науқандары, күштеп ұжымдастыру, бай-кулактармен күрес барысында тіпті шиеленісті. Шекаралық аймақтарда әрекет еткен қарулы шаруалар топтарын ОГПУ құжаттары «жергілікті» және «шетелдік банда» деп жіктеп отырған. Бұл арада шетелдік көтерілісшілердің Қытайдың саяси мүддесін көздеген өкілдігі деп көрсетуге негіз жоқ. Шағын отрядтар шекара аудандарында жергілікті өкімет мекемелеріне, кооперативтерге шабуылдап, колхоз малдарын айдап әкеткен. 30- жылдар үшін қарулы шаруа топтарының басты мақсаты өңірдегі кеңес өкіметінің аграрлық саясатынан қашқандарды Қытайға қауіпсіз өткізу болған. Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей, оңтүстік-шығысында да босқыншылық қарулы көтеріліс сипатында болды. ОГПУ, партиялық құжаттарда «бандалар», «банда тобыры» деген топтардың барлығы кеңестік саясатқа наразы босқындар мен көтерілісшілер болды.

Материалдар мен әдістер

Кеңестік Қазақстанның тарихына қатысты әлі ғылыми айналымға кеңінен енгізілмеген Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) 44-қ., Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА) 2-қ., 141-қ., 719-қ., Жетісу облысының мемлекеттік архиві (ЖОМА) 25п-қ., 28п-қ., Ресей Мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві (РМҚЗТА) 3-қ., 83-қор құжаттары, арнайы зерттеу еңбектер, түрлі естеліктер ғылыми мақаланың деректік базасын құрады. Кеңестік әлеуметтік-экономикалық саясатқа қарсы бас көтерудің көрінісі сипатындағы босқыншылықтың тарихын зерттеу нысанын анықтау үшін

ғылыми деректер мен түйінделген фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында пайдаланылатын салыстыру, болжам жасау, сараптау әдістері арқылы тұжырым жасалды. Ғылыми зерттеуде түрлі топтардың бет-бейнесін тиянақты сипаттау үшін әлеуметтік тарих әдістемесінің құралдары пайдаланылды. Жалпы алғанда мақаланы зерттеу үшін методологиялық плюрализм жиынтығы пайдаланылды. Ұсынылған тақырыпты зерделеуде зерттелетін объектіні күрделі ұйымдастырылған жүйенің бір бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тарихи-жүйелілік әдісі де қолданылды. Бұл жүйенің жұмыс істеуі мен дамуы жеке нақты оқиға, тарихи жағдай, жаһандық процесс сияқты негізгі құрамдас бөліктерді қамтиды. Біздің жағдайда жеке нақты оқиға ретінде Қазақстандық босқындар қарастырылса, тарихи жағдай санатында XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы аймақтағы геосаяси жағдай, ел ішіндегі саяси-әлеуметтік ахуал, тоталитарлық мемлекеттердің босқындарға қатысты теріс саясаты, адам құқының аяқасты болуы жатқызылды.

Талқылау

Кеңестік өкіметтің 20-жылдардағы аграрлық саясатынан, Қазақстандағы жер қатынастары мәселелерінен зор мағлұмат беретін С.П. Швецовтың редакциясымен жарық көрген «Өзінің табиғи-тарихи және тұрмыстық шарттары жағдайындағы қазақ шаруашылығы» жер өңдеу комиссариаты анықтамалық мазмұндағы басылым ретінде 1926 жылы жарыққа шығарған жинақта 1921 жылғы аштық салдарынан болған босқыншылыққа тоқталған. С.П. Швецов: «Жанұясы мен малымен кеткендерді туған мекенінен жырақ кетіп, сырт жақта өмірін жалғастыратын эмигранттар санау дұрыс болмайды. Бұл, мүлде басқа тәртіп пен мағынадағы құбылыс. Бұрынғы Ресей империясын Қытай және Монғолиядан бөліп тұрған мемлекеттік шекара қазақтарды күшпен екі мемлекетке бөлгенімен, олардың бір халық ретіндегі сана-сезімін де, рулық тұрмысының байланыстарын да бұза алған жоқ.» -деп ол кезде әлі қарқын алмаған қазақ босқыншылығының табиғатын түсінуге құнды пікір білдірген (Казахское хозяйство, 1926: 66). Кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде Ж. Жұмабековтің еңбегінде ғана Қазақстан тарих ғылымында алғашқы рет ауыл шаруашылығын күштеп жаңғырту саясатына халық қарсылығының бір формасы – шаруалардың Қазақстаннан тыс жерлерге үдере көшкен босқыншылығы айтылды. Ж. Жұмабековтің еңбегінде шаруалардың сыртқа босудың қатерлі деңгейге жеткені ашық айтылады. Архив құжаттарына сүйенген зерттеуші шаруалардың сыртқа көшуі Қазақстанның 71 ауданын, оның ішінде 50 көшпелі, 21 отырықшы-жер өңдеуші аудандарын қамтығанын көрсетеді (Жумабеков, 1973: 201). Осы еңбегінде зерттеуші Ж. Жұмабеков үдере көшіп, кері қайтарылған Алматы округі шаруаларын мысалға келтіреді. Коммунистік идеология тұрғысында қатаң шектердің өзінде шынайы тарихи жағдайды көрсеткен мұндай зерттеулердің кеңестік цензура сүзгісінен қалай өтіп кеткені таңданыс тудырмай қоймайды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі алғашқы комиссия құрамында еңбектенген Қ. Алдажұманов (Алдажуманов, 1998), Т. Омарбековтердің (Омарбеков, 1994; Омарбеков, 2018) зерттеулерінде Жетісу өңіріндегі халық көтерілістері баяндалады. Профессор Қ. Алдажұманов Алматы округы Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекші қазақ, Бүйен-Ақсу, Сарқан, Жаркент сияқты шекара маңындағы аудандарынан Қытайға көшпек болған халықтың ауыр халін көрсеткен (Алдажуманов, 1999: 83–86). Кейінгі жылдарда Қазақстан тарихының аталмыш кезеңін зерттеген шетелдік зерттеушілерден қазақ шаруаларының күштеп отырықшыландыру (седентаризация), ұжымдастыру, аштық тақырыбын зерттеген француз тарихшысы Изабель Огайон болды (Огайон, 2009). Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің еңбегінде аштық пен босқыншылық сияқты күрделі проблеманы түпнұсқа деректерге сүйене отырып, пайымдауымен ерекшеленеді (Киндлер, 2017). Р. Киндлердің зерттеуінде қытай-кеңес шекарасы бойындағы ОГПУ жазалаушы отрядтарының босқындарды қанға бөктірген қаталдығы нақты деректермен сипатталған (Киндлер, 2017: 204–218). Қазақ тілінде аударылып басылған американдық тарихшы Сара Камеронның зерттеуінде Жетісудің шекаралық аудандарындағы босқыншылық, аштық деректері берілген (Камерон, 2020). Италия тарихшысы Никколо Пианчола мен қазақстандық тарихшы Әділхан Жарасовтың бірлескен мақаласы Қазақстандағы аштық қарсаңындағы халық көтерілістеріне тоқталып, профессор Т. Омарбековтің халық көтерілістері туралы 2018 жарық көрген зерттеуін басқа зерттеулермен сабақтастыра талдаған (Pianciola, Zharassov, 2020). Ресей тарихшысы Н.Н. Аблажей 1930-жылдардың басындағы халықтың Қазақстаннан тысқары жерлерге кету процесін бір мезгілде «босқыншылық және этникалық миграция деп те атауға болады» - деген пікір айтады. (Аблажей, 2017: 35).

Тағы бір ресейлік тарихшы Ф.Л. Синицин өз зерттеуінде: «Өкімет орындарының ойынша отырықшыландыру жүргізілген соң көші-қон тоқтауы керек болған. Сол себепті көшпелі шаруалардың қалыпты бағытымен көшуінің өзі өкімет тарапынан рұқсат етілмеген көш ретінде қаралды. Іс жүзінде мұндай көшушілерді мәжбүрлі мигранттар немесе босқындар деп атаған дұрыстау.» - деп көрсетеді (Синицин, 2019: 131). Кеңестік аграрлық саясаттың қазақ халқының дәстүрлі құрылымына әсерін талдаған профессор Ж. Әбілқожин бастаған авторлардың ұжымдық монографиясында халықтың үдере көшуін «өкіметтің саясатына үнсіз қарсылық» деп бағалауға болатынын атап көрсеткен (Абылхожин және т.б.: 245).

Кеңестік тарихнамада саяси себептермен «көшушілер», «көшпенділер» деген бейтарап атаулармен көмескіленген шаруалар категориясының босқыншылық көріністері екені соңғы кезде жарияланған еңбектерде жіктеліп көрсетілген. Тарихшы Р. Қ. Айдарбаева (Айдарбаева, 2023) Шығыс Қазақстан өңіріндегі 1930 – жылдардағы босқыншылық фактілерін талдаса, профессор А. И. Құдайбергенова бастаған авторлар тобының ұжымдық монографиясында Орталық Азия, Ресейге босқан Қазақстан шаруалары тағдыры жүйеленіп берілген (Құдайбергенова және т.б.: 2022). 2020 жылдан жүргізіле бастаған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жариялаған құжаттар жинағы сериясында босқындарға қатысты материалдар жеке том түрінде жарық көрді. (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022). Бұл жинақта аштық пен кеңестік саясаттан жан сақтау үшін үдере көшуге мәжбүр болған тоталитарлық жүйе құрбандарына «мәжбүрлі босқындар» атауы берілген. Жалпы негіздегі азаматтық архивтерден бөлек ҰҚК, ІІМ арнайы архивтерінің құпиясыздандырылған құжаттары топтастырылған аталған құжаттар жинағында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріне қатысты да тың әрі құнды деректер топтастырылған. Ұсынылып отырған мақаланың деректік базасын отандық Қазақстан Республикасы Президенті архиві (КРПА), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Жетісу облыстық мемлекеттік архивтерінің (ЖОМА) және Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архивінің (РМҚЗТА) құжаттары құрады.

Зерттеу нәтижелері

1930 жылғы Қазақстаннан ауа көшушілер туралы арнайы ақпарда 1931 жылдың 17 ақпанына дейінгі аралықтағы мәліметтер бойынша 1930 жылдың көктемінен 1931 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта толық емес мәліметтер бойынша ҚССР ішінде және сыртқа босқыншылықтың мөлшері 34577 шаруашылықты құраса, оның 1014-і бай, 1817 – орташа, 2167 – кедей, 54 – колхозшылар шаруашылықтары болған. Ақпар толтырушылардың өздері толық емес деп мойындаған мәліметтер бойынша Алматы және Семей округтерінен Қытайға 2638 қазақ шаруашылығы босқан. Шекара маңындағы Малайсары ауданынан 92 шаруашылық кеткені анық болған. Бұл мәлімет № 12, 13 ауылдарынан жаппай босып кеткен көшті есептемегенде шыққан. Қытайға Шелек ауданынан 62 шаруашылық, Күршім ауданынан 11 шаруашылық кеткен (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 1-п.).

1930 жылдың 24 қарашада ұсынылған ОГПУ-дің «Қазақстан халқының көшулері туралы» арнайы ақпарында босқындарға шетелден қарулы топтар түрінде көмек келетіні туралы баяндалған. Семей округінің Зайсан ауданына қарасты 1 ауылкеңестің Түстікбаев ауылы Қытайда арнайы келген 3 ұңғылы винтовкалармен қаруланған 12 Қытайдан келген қазақтардың қарулы тобының қолдауымен көшіп кеткен. Олардан 388 бас мал алынған. Қытайдан келген 40 адамдық қарулы топ Семей округіне қарасты № 3 застава маңында Топаев, Шоғанов, Мауқыбаев, Аманбаевтар жанұяларымен 510 бас малымен көшіп кеткен (ҚР ПА. 719-қ. 2-т. 121-іс. 180-п.). Алматы округіне қарайтын шекаралық Октябрь ауданынан Қытайға қашуды жоспарлаған Бексұлтан Әжібеков арғы беттегі бауыры Қытайдың болыс қызметін атқаратын Әжібеков қарулы отряд жіберетін болған. Осы ауданның Сарбел ауылының байы Срабил Рахатов Қытайға арнайы өтіп, Қытайда болыс қызметін атқарып тұрған Мұқа Әжібековпен 7 жанұяны көшіруге қарулы топ түрінде көмектесуіне келісіп қайтқан (ҚР ПА. 719-қ. 2-т. 121-іс. 181-п.). Жаппай босқыншылық әрекеттеріне кеңес органдары, шекара отрядтары ешбір қауқар қыла алмайтыны ОГПУ мәліметтерінде ашық мойындалған. Атап айтқанда, Алматы округіне қарайтын Тоқмақта Қытайға өту мақсатында 600 жанұя дүнген, қазақ және тараншылар ұйымдасқан. Шекарадан Қалжат заставасы арқылы өтуді жоспарлаған көш Іле аңғарын бойлай жылжиды. Қытай жағынан босқындарды қоршап өткізу үшін Дары Садықов бастаған 400 адамнан тұратын қарулы отряд келген. Босқындардың шекара

отрядымен қақтығысы екі жақ үшін де шығынды болған оқиғалар тіркелген. Бұрынғы Алматы округінің Талдықоран ауданын босқындарды қорғаушы 25 адамнан тұратын қарулы отряды бар көш тоқтатылған. Шекарашылармен болған атыс барысында 17 қарулы қорғаушылар қаза болып, 8-і Қытайға өтіп кеткен. 11 жанұя кері қайтарылған (ҚР ПА. 719-қ. 2-т. 121-іс. 182-п.). ОГПУ органдары шекара маңында тұратын, босқыншылыққа бейіл деген «байлардың» мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аударуды жүргізіп отырды. ОГПУ мәліметтерінде 1930 жылдың 10 қарашасына қарай Малайсары, Бүйен-Ақсу, Еңбекшіқазақ, Бәрібаев, Сарқанд, Андреевка, Октябрь, Қарқара аудандарынан жалпы саны 1103 адам тұтқындалса, олардың 1031 – бай, 18 – молда, 61 – орташа, 3 – кедей болған. Жетісуға Сібірден келген кулактардан Сарқан ауданынан 28, Андреевскдан 16, Октябрь ауданынан 21 адам тұтқындалған. Еңбекшіқазақ, Сарқан, Алакөл, Октябрь аудандарынан 2853 жылқы, 847 ірі қара, 9759 қой мен ешкі, 411 түйе, 133 басқа ұсақ жанды мал тәркіленген (ҚР ПА. 719-қ. 2-т. 121-іс. 183-п.).

Бұрынғы Семей округінің Зайсан ауданында 1930 жылы Қытайға көшіп кеткен байлар Қытайдың шекара маңындағы аудандарында жағалай орналасып, өздеріне рулас үкірдай, княздардың қолдауымен бер жақтағы туыстарына қару беру, шекарадан өтуде көмек ұйымдастырды. Алғашқы кезде кеңестік дипломаттардың қысымымен босқындарды КСРО-ға қайтарып беруді жолға қойған Қытай өкімет орындары қашып келгендерді жасыру арқылы оларға көмектесіп отырғаны да айтылады. Сондай-ақ, ОГПУ мәліметтерінде бұрын қашып барып, шекара маңында орналасқан байлардың Алашорда қайраткерлерімен байланысы бар екені айтылады. Бұл байланыс бұрынғы Кольчак Алаш отрядының офицері, 1920 жылдан Қытайда таңғыт үкүрдайлығында тұрып жатқан Ниязбек Құрбанов арқылы орнатылған. Н. Құрбановтың жөн сілтеуімен Кеңестік шекара аумағында қазақ шаруаларын Қытайға қоныс аудару туралы үгіт жүргізілген. Тарбағатай ауданының 5-ауылкеңес аймағында Қытайға көшуді ұйымдастыруды мақсат еткен контрреволюциялық ұйым анықталды. 1930 жылдың жазында бұл топ шекарадан 3 верст қашықтыққа жиналып, Қытайдағы Алашорда офицері Құрбанов пен Осан Қошқарбаевпен байланыс орнатады. Шаруалар тарапынан көшіп кету жалпы сипат алып, босқыншылыққа кедейлер, орташалар қамтылған жағдайда қарулы көмек уәде етілді. Осы негізде байлар тарапынан 5 ауылкеңес бойынша мал-мүліктен бөлек, тіпті «балаларды да ортақтастырылатыны» туралы әңгіме жүргізілді. Жүргізілген үгіт-насихат нәтижелі болғаны соншалық, көшуді ұйымдастыруға партия мүшелері мен белсенділер де араласа бастаған. ОГПУ арнайы ақпары мәтінінде барлық орын алып отырған жағдай жаулардың құйтырқы әрекеті ретінде көрсетілгенімен, бұл орган шаруаларды күштеу арқылы жүргізіліп жатқан шаруашылық-саяси науқандар кесірінен төніп келе жатқан аштық қатерін де анық сезінді деуге негіз бар. Тиісті қарулы күш келген жағдайда көш дайын екендігін жазған хатты Құрбановқа БК(б)П мүшесі Шадырбаев жеткізген. 1930 жылдың 30 маусымында Қытай жақтан Құрбанов жіберген қарулы топ шекараны бұзып өтуге талпынып, шекарашылардың қарсылығына кезігіп, өте алмай, Қытайға кері қайтарылады. Қытайға қашып барып алған Ахметжанов Қытайдың Алтай округінің үкірдайы Қалымбек Емербаевтың қолдауымен Күршім және Марқакөл аудандарына көшуге үгіттеу және ұйымдастыру мақсатында арнайы қарулы топ жібереді. Кей жағдайда көшіп кетуді ұйымдастырумен коммунистер мен партияға мүше емес кеңес қызметкерлері де айналысқан. Зайсан ауатком төрағасының орынбасары Ықыласов байларды жақтап, көшіп кетуге үндеген. Босқындардың шекарадан аман өтуі үшін Шоқыбаев бастаған, қарулы топ келіп, солардың қолдауымен 58 шаруашылық Қытайға өтіп кеткен. Бұл топтың аңшы мылтықтары, жеткілікті оқ-дәрісі бар орыс және қытай винтовкалары болған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 3-п.).

1930 жылы шекара аудандарын тексерген Ә. Жангелдин комиссиясы өз қорытындыларында шекара аумағындағы босқыншылықтың себептерін талдаған. Зайсан ауданының № 3 ауылындағы Елтай атындағы колхоз толығымен Қытайға көшіп кеткен. Қыстау үйлерінің сыртына «Бесжылдық жоспарды бір күнде орындаймыз. Бізден үлгі алуға шақырамыз» - деп жазып кеткен (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 30-п.). Жангелдин комиссиясының қорытындыларында шекара отрядтарының жағдайы да тексерілгені айтылады. Бақты комендатурасының бір заставасында ұсталған қазақтарды саусақтарының арасына патрон тығып қойып сабау орын алған. Мақаншы бойынша әлдебір қазақты шекарашылар іздеп жүргені хабарланса, әлгі адам сол мезет Қытайға қашып кететін болған. Шекара отрядында қазақтардың болмауы, олардың қазақшылдық, рулық мәселерді білмеуіне әкелген. Шекарашылардың қазақ тілін білмеуі, қазақ ауылдарымен байланыстың болмауы, жергілікті тұрғындарға сенімсіздікпен қарау орын

алған. Жангелдин комиссиясының шекара аудандарындағы жеке сипаттамаларында босқыншылық жағдайы да қамтылған. Үржар ауданы жалпы саны 5044 шаруашылық болған. Комиссия қорытындыларында мұндағы босқыншылық көлемінің жоғары болуы революциядан кейінгі алғашқы жылдарда өңірдің Алашорда, Анненков ықпалында болуымен түсіндіріледі. 1928 жылғы кәмпеске қарсаңында Қанағат Таненов, Жаманкөзов және басқалар Қытайға қайтадан көшіп кеткен. 1928–1930 жылдары Үржар ауданынан Қытайға 700-ге жуық шаруашылық көшіп кеткен. Босқындардың басым көпшілігі орташалар мен кедейлер. Ал 1930 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында Зайсан ауданынан 1238, Марқакөл ауданынан 61, Тарбағатай ауданынан 417, жалпы осы үш ауданды қоса есептегенде 1716 шаруашылық Қытайға көшіп кеткен. Ал шекарада ұсталып, кері қайтарылғандар жалпы саны 760 шаруашылық болса, оның 518-і Зайсан, 21-і Марқакөл, 221-і Тарбағатай ауданынан болған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 41-п.). Толықтырылған мәлімет бойынша 1930 жылдың 1 қаңтары мен 1 желтоқсаны аралығында Тарбағатай ауданынан көшіп кеткен 480 шаруашылық өздерімен бірге 1530 жылқы, 1820 сиыр, 522 түйе, 14433 қой мен ешкі алып кеткен. Комиссия босқыншылықтың аудандағы мал санының азаюының негізгі себебі екенін баса көрсеткен (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 47-п.).

Семей өңірі бойынша босқыншылықтың ауқымын, себеп-салдарын зерттеген Ә. Жангельдин комиссиясының қорытындыларында ауа көшуге кедейлер мен орташалардың қатысуының себебі талданды. «Кедей-орташа және батырақтардың ауа көшуінің басты және негізгі себебі олардың осы жылы Қазақстанның (Қазақстанның ғана емес) әр жерінде болған кулак-байлардың көтерілістеріне қатысуы, яғни кулак-байлардың ықпалы. Ауа көшіп кету – социалисті құрылысқа қарсы тап жаулардың қарсыласуының формаларының бірі. Дұшпандар қарсыласу ұйымдастырған кезде өз қатарларына таптық сана-сезімінің жеткіліксіздігі кесірінен таптық табиғаты тұрғысынан мұндай бас көтерулерге қатысуы тиіс емес болса да, теріс жолға түсу арқылы өз мүддесіне қарсы шығатын күштерді де қосып алуға тырысады.» - делінген қорытындыда (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 55-п.). «Бай элементтердің қолындағы көзірі шекара жолағындағы барлық аудандардағы партия саясатындағы асыра сілтеу мен бұрмалаулар болды. Кедей-орташаларға астық дайындау бойынша жоспардың жүктелуі сирек кездесетін құбылыс емес. Бұндай тапсырмалар комиссия баяндамасы, аудандық комитеттердің қарарларында көрсетілген, шекара отрядтарына және комендатура қызметкерлері де, ауданның қызметкерлері де айтқан. Астық бермегені үшін кедейлердің қамалуы сияқты жағдайлар аз болған емес. Бір уәкіл тапсырылған жоспар бойынша шаруаның екі пұт астығының бір пұдын тартып алған. Басқа бір уәкіл балаларды мектепке бермесе 25 сом айыппұл салынатынын мәлімдеген.» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 56-п.).

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы шекаралық Қарқара ауданының аупартком хатшысы Өтелбаевтың 1930 жылдың 18 наурыздағы № 44/сс құпия хатында ұжымдастыруға байланысты байлардың шетке қашып жатқаны баяндалады. 1929 жылдың 20 желтоқсаны мен 1930 жылдың 1 наурызы аралығында Қытай жеріне 39 шаруашылық көшіп кеткен. Босқындар 22 бай, 15 орташа, 2 кедей шаруашылықтар ретінде сипатталған. Қашқындарды қуу кезінде 33 жылқы, 31 сиыр, 269 қой-ешкі тартып алынған. Қытайға қашатындарға қарсы 25 адамнан тұратын коммунистік отряд құрылған. Қарқара ауданына танымал Жақыпберді Сұлтанбеков комотрядпен қақтығыста басымдық көрсетіп, жанұясын қалдырып, Қытайға өтіп кеткен. 1930 жылдың 4 мамырында тау аңғарында Ж. Сұлтанбековтың туыстарымен комотряд арасында қарулы қақтығыс орын алған. Қақтығыс кезінде комотряд сапынан Нұрсапа Нұрғалиев қаза табады. Бұған қоса 2 атқа оқ тиеді. Осы сарындас Ұлтаракөвтар жанұясының Қытайға қашып өтуі кезінде шекара отрядынан 1 сарбаз қаза табады. Ұлтаракөвтармен бірге Қытайға өтіп кеткен 230 шаруашылық шекара отрядының Қытай шекара отрядымен келіссөздері нәтижесінде кері қайтарылып, бұрынғы мекендеріне жіберілген. Шаруашылықтарды Қытайға өткізіп әкетуді ұйымдастырған 8 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған (ҚР ПА. 2-қ. 1-т. 383-іс. 91-п.). Осы Қарқара ауданы бойынша Өлкекомға 17 қараша 1930 жылы жолданған ақпаратта «партия мен үкіметтің ауқымды шараларын іске асыруға байланысты» Қарқара, Еңбекшіқазақ және Жаркент ауданында бай және олардың «ықпалына түскен» орташалардың Қытайға қашуы орын алғаны баяндалады. Жетіп жатқан мәліметтерге қарағанда, байлар бұдан бұрын да көшуді ұйымдастырып, жергілікті өкімет орындарымен қарулы қақтығысқа түскен. Бірнеше бай шаруашылығы қолға түсіп, 2 адам сотталған. Қашуға бейім шаруашылықтар әлі де бар екені хабарланды. Жекелеген шекаралық ауылдарда қашушылар тарапынан ауыл кеңес төрағаларына

қарсы террорлық актілер ұйымдастырылған. Бұл жағдайлар аудандағы уәкілдердің қорқынышын оятқан. Қарқара ауданында 13 500 шаруашылық болса, аудандағы милиционерлер саны 6 ғана. Ауылдарда еріктілер отрядтары құрылғанымен, оларда қару-жарақтың жетіспеушілігі баяндалып, осы мақсатта ауданға 30 винтовка және 10 наган тиісті оқ-дәрілерімен жіберілуі сұралған (ҚР ПА. 2-қ. 1-т. 383-іс. 14-п.).

Бұрынғы Алматы округі Бүйен-Ақсу ауданынан 78 шаруашылық Қырғызстанға көшіп кеткені анықталған. Ал Еңбекшіқазақ және Қорай аудандарындағы жаппай көші бойынша мәлімет жинақталмаған.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға, Қырғызстанға босқыншылықтың негізгі себебі шаруашылық-саяси науқандар екені арнайы ақпарда ашық көрсетілген. Астық дайындау, мал дайындау, жүн дайындау науқандары аясында салынған шектен тыс алым мөлшері, жазалау шаралары шаруашылықтардың көшіп кетуіне әсер еткен. Шаруашылық науқандарын жүргізудегі асыра сілтеудің шаруалардың босқыншылығының басты себебі болғаны да арнайы ақпарларда айтылған. Арнайы мәліметтерде Қытайға өтіп кеткен ірі байлардың Қазақстанда қалған өз туыскандарын көшіп келуге үгіттейтіні де баяндалады. Үгіттеушілер босқындарға өз тараптарынан жер иеліктерін, азық-түлік уәде еткен. «Сахараға Кеңес өкіметі әкелген апаттан мал шаруашылығын сақтап қалу» туралы айтатын ұлтшылдардың босқыншылықты ұйымдастырудағы ролі де көрсетіледі. Ұлтшыл күштер босқыншылықты ұйымдастыру арқылы Қытай билігімен байланыс орнату, алдыңғы көші-қон легімен кеткен ауқатты шаруалармен байланыс орнату мақсатын көздейді деген айыптау да бар. Арнайы ақпарда Қытай өкімет орындарының босқыншылықты барынша қолдап отырғаны көрсетіледі. Атап айтқанда, Қытай ұлтшыл-эмигранттарды қолдап, көшуді ұйымдастырушыларға адам күшімен, қарумен көмектесіп отырғаны, ақ эмиграция арқылы көшушілерге көмек беретіні, Қазақстанға бұл жерден көшіп кетуге үндейтін үгітшілерді жіберіп отырғаны айтылған. Тіпті Қытайды КССРО-дағы дипломатиялық миссиясының ақы алып, адамдардың Қытай азаматы екендігі туралы құжатты беру арқылы көшушілерді қолдап отырғаны көрсетілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 1-п.).

БК(б)П Жаркент аудандық партия активінің 28 қараша 1930 жылғы қалалық жабық жиналысында халықаралық жағдай талқыланды. Осы жиынның тек бюро мүшелері мен кандидаттар қатысқан жабық бөлімінде Шекара отряды мен аудандық ОГПУ уәкілі басшылары Николаев пен Мацневтің аудандағы жағдай мен саяси ахуал туралы хабарламасын тыңдалды. Шекара отрядының атқарып жатқан істерін қолдаған бюро мәжілісі хаттамасында: «Халықтың арасында «Шекара отряды бандыларды жою кезінде шектен тыс қаталдыққа барды, онда кінәсіз балалар мен әйелдер бар еді» деген сарындағы контрреволюциялық өсек таралмауы және орнықтауы үшін ауатком фракциясына бұл оқиғаға араласуды, бюро мүшесі Ерзин жолдасқа БК(б)П барлық ячейкаларына Шекара отрядының әрекеті жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру үшін араны хат жолдауды тапсырды.» - делінген (ЖОМА. 28п-қ. 1-т. 96-іс. 281-п.). Бұл, әрине, болып жатқан қанды қырғынды жасырып-жабу әрекеті болатын. Шекара маңында босқындарды қыру фактілері кейде жұмысшы-шаруа инспекциясында да қаралған. 1931 жылдың 15 ақпанында Қаратал ауданындағы босқындарды қыру дерегіне байланысты талқылауда Панченкиннің баяндамасы талқыланды. Хабарламада: «30 жылдың қазан айының алғашқы күндерінде Қаратал, Малайсары және Октябрь аудандарының 40 шаруашылық қытайға өтіп бара жатқан кезде шекара әскері тарапынан қырғынға ұшыраған. 9 шаруашылық қашып құтылып, олардың арасында Сейдахмет Мұхамедшиннің туыстары болғаны» баяндалады (ҚР ОМА. 44-қ. 12-т. 492-іс. 53-п.). Қаратал аудандық ГПУ мәліметтеріне сай, босқындар тарапынан ешқандай қарсылық болмаған. Өлтірілгендердің арасында кедейлер көп болған. Өлтірілген мүрделер мен тірі қалғандар тоналып, бірнеше қыздар мен әйелдер зорланған. Үш ай бойына қанды оқиға Қаратал және Талдықорған аудандық ОГПУ органдары тарапынан тергелмеген. Қаратал аудандық ОГПУ уәкілі Разумовский Текелі маңында болған босқындардың шекарадан өту оқиғасы кезінде 12 қазан күні Жанкиев Базар (ауылкеңес мүшесі, астық дайындау бойынша уәкіл), Медетов Қалдыбай (ауылкеңес мүшесі, астық дайындау бойынша уәкіл), Жұматай Демесінов, Күмболат Ысқақовтар кері оралған. Шекара отрядының саяси жетекшісі Уласюк басқарған босқындарды қырған отряд 14 адамнан құралған. Олардың 5-уі Талдықорғаннан келген коммунистік отрядтан. Өлтірілген босқындар саны 18, оның ішінде 3 – балалар, 4 – әйелдер. 3 мылтық, 1 қылышы болғанымен, босқындар ешқандай қарсылық көрсетпеген. Әйелдер мен қыздарды зорлау фактісі орын алған. Қылмысты тергеу барысында Панчехинмен әңгімесінде Талдықорған ОГПУ уәкілі Зацеп

«қолдарында қаруы бар шекара бұзған топты жою арқылы отряд өте дұрыс әрекет жасады» деп санайтынын ашық айтқан (ҚР ОМА. 44-қ. 12-т. 492-іс. 53–54(а)-пп.). БК(б)П Өлкеком секретариаты Қаратал қырғыны туралы мәселені 1931 жылдың 11 сәуірде қарап, өлкелік бақылау комиссиясына «жедел тергеп, партиялық линияны бұрмалаушыларды жауапқа тартуды» сұрады (ҚР ОМА. 44-қ. 12-т. 492-іс. 56-п.). Қазақстанның шығыс бөлігіндегі Қытаймен шекаралас Үржар, Зайсан, Мақаншы, Қатонқарағай, Тарбағатай, Күршім аудандарында босқындардың мөлшері 1930 жылға қарай күрт көбейіп, шекараға етене жатқан елді мекендер бос қалды. Зайсан ауданынан осы жылы Қытайға аудан халқының 3/1 бөлігі, 1238 отбасы босып кеткен (Айдарбаева, 2023: 38-б.).

Батыс Қытайға өткен босқындар алдымен Қытай тарап шекараны күзетуге жалдаған шеріктер мен қалмақ сұмындарынан алынған туы бар әскери топтарының талауына түсті. Шекара отрядтарының ұрып-соғуы, тонауынан кейін босқындар Іле округіне шашырай сіңіп кеткен. Қытай шекарасының күзетіндегі қалмақтардың босқындарға қиянатының шектен шығуын 1931 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Текесте қырғыз және қазақтардан олардан кек алу үшін ұйымдасқан 300 адамдық әскери топтың құрылуынан көруге болады. Бұл туралы КСРО-ның Іле округіндегі консулы Лазовскийдің құпия хатында көрсетілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 195-п.). Консул Қазақстаннан босып келгендердің Синцзянның іле аймағында қалай орналасқанын да нақтылаған. «Тек Іле аймағына көшіп келушілердің ғана саны 20 мыңнан кем емес. Олардың Сүйдін, Құлжа уездерінде қоныстанған бөлігі тараншылардан тұрады. Боратола мен Текексте ең алдымен қазақтар мен қырғыздар.» - деп жазады Лазовский. Консулдың мәліметтері бойынша жергілікті халықтың босқындарға қарым-қатынасы жайсыз болып, оларға дүнгендер мен қытайлар тарапынан қатты қысым көрсетілген. Бұрыннан осында мекен ететін қазақтар мен тараншылар өздерінің жұмыссыз қалуының себебін босқындардан көреді. «Көшіп келушілер мүлде құқы жоқ адам болғандықтан, ешкімнен пана көре алмайтындықтан, тонау мен қысымға ұшырайды. Бұлардың бәрі қытай билігінің көз алдында, тіпті қатысуымен орын алады.» - деп көрсеткен консул Лазовский (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 195-п.). Шекарадағы өмір үшін жанталас құқсыз босқындар үшін қайғылы аяқталатын оқиғалар жиі кездесті. Шекарада ұсталғандардың кейбір тобын Қытай тарап Кеңестік шекарашыларға қайта өткізіп берген жағдайлар орын алған. 1931 жылдың 17 мамырындағы ҚАССР бойынша ПП ОГПУ арнайы ақпарында 9 наурыз күні Сүмбе шекара бөлімі арқылы КССРО аумағынан қашқан 1200 адамды құрайтын 223 жанұя кері қайтарылғаны айтылған. Босқындармен бірге 5170 бас әртүрлі мал өткен. Кері қайтарылғандардан 22 әртүрлі қару тәркіленген. Кері қайтарылған босқындардың өздерін Қытай шекарашылары 20 ат, 8 сиыр, 79 қойларын тартып алу арқылы тонағаны туралы арыздары аяқсыз қалдырылған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3336-іс. 17-п.).

1930 жылдың 1 қазанынан 1931 жылдың 1 сәуірі аралығында Зайсан ауданынан 2500 шаруашылық, Тарбағатай ауданынан 500 шаруашылық босқан. Босқыншылыққа коммунистер мен комсомолдардың ілесуі орын алған. Зайсан ауданынан 24 коммунист және 28 комсомол мүшесі босқындармен бірге кеткен. Тарбағатай ауданында босқындар өздерімен бірге аудандық қаржы бөлімі меңгерушісі мен аупарткомның нұсқаушысын алып шыққанымен, жолда қалдырып кеткен. Бұл туралы Тарбағатай, Зайсан аудандарына келген Өлкеком нұсқаушысы 1931 жылдың 21 сәуіріндегі хатында көрсетілген. Терновская есімді Өлкеком нұсқаушысы өңірдегі босқыншылық мәселесінің ушығып кетуінің себептеріне тоқталған. Оның пікірінше: «Жаппай эмиграциялық көңіл-күй көпшілікпен жұмыстың дұрыс жолға қойылмауынан туған. Ал Зайсан бойынша бай, кулактарға жеткілікті қысым жасалмаған...мен келгенге дейін оларға егін себу бойынша қатаң тапсырмалар жеткізілмеген. 1931 жылдың 10 сәуіріне кулактар мен байлар мал дайындау бойынша қатаң тапсырмаларды небәрі 4 %-ға орындаған. Кедейлер мен жекеше орташалар, колхоздарға байланысты асыра сілтеулер көп орын алған, мал дайындау бойынша кейбір колхоздар мен ауылдар жоспарды 400 %-ға орындаған. Ал кулактар мен байлар бұл жоспарды небәрі 7 %-ға (Қаратал ауылкеңесі бойынша) орындаған. Мен бұл туралы Өлкекомға Голощекинге жеделхат жолдағам, не нәтиже болғанынан хабарым жоқ. Көшті тоқтату үшін мен оларға түсіп жатқан өнеркәсіп товарларымен тынышсыз ауылдарды жабдықтау туралы тапсырма бердім. Өйткені, Зайсан ауданы бойынша товарға қарыз 60 000 сом, Тарбағатай бойынша 40 000 сомды құрайды.» - деп көрсетеді. Орталықтан келген уәкіл Зайсан ауданы бойынша партия комитетінде қазақтардың мүлде жоқ екенін атап өткен. Өлкеком уәкілі бұл мәселені шешу үшін Көкпекті ауданы партия хатшысы Шарапиевпен келісіп, Зайсаннан европалықтарды Көкпектіге, Көкпектіден Зайсанға қазақ қызметкерлерді жіберу

туралы келісіп жатқанын хабарлаған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5377-іс. 7-п.). Терновояның хабарламасында Тарбағатай ауданында ОГПУ мен аупартком арасында келіспеушілік бар екені айтылған. Уәкілдің айтуынша, аудандық ОГПУ қызметкерлері партия ұйымына бағынбайды, аудандағы жағдай туралы баяндамайды. Аудандық ОГПУ басшысының өздерін тым дөрекі ұстайтынына дәлел ретінде Тарбағатай аупартком хатшысына: «Құлтымбаев жолдас, сенің әрекетсіздігіңді қалай түсінуге болады? Әңгіме бар болғаны коммунисті қамау туралы ғой» - деген мәтінде хат жолдағанын келтірген. Бұған қоса Өлкеком нұсқаушысы Тарбағатайға өлкеден келетін ОГПУ қызметкерлері, Москвадан келген жауапты адамдар аупарткомға бас сұқпай, оларды мүлде елемейтінін көрсетіп, бұл туралы Өлкеком тарапынан тиісті түсініктеме жасалу керектігіне назар аударған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5377-іс. 8-п.). Терновоя өзінің Зайсан ауданы бойынша арнайы баяндамасында «эмиграциялық безгекпен» зақымданған ауылдардағы жерге орналастыру және отырықшыландыру мәселесін екпінде түрде шешу керектігін баса айтады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5377-іс. 14-п.).

ОГПУ жедел ақпарларында шекара аумағындағы қозғалыстар «қарулы көш» деген айқындама берілді. «Көш», «көшпенділер» ұғымы босқыншылықтың түрлендірілген баламасы екені анық еді. ОГПУ ақпарында Қытайға босқан шаруалар көші «қарулы босқыншылық» ретінде тіркелді. Шаруалардың шекараны бұзып өтуге талпынысы тіпті қысқы суыққа қарамастан, белсенді бола түсті. ОГПУ-дің Шелек аудандық уәкілінің 1931 жылдың 30 қаңтарындағы мәліметінде Еңбекшіқазақ және Малайсары аудандарында ауыл шаруашылығындағы асыра сілтеудің нәтижесінде байлар мен мұсылман дін басыларының үгіт-насихаты арқылы Қалқан тауы, Мыңбұлақ қыраты маңында 140 қазақ шаруалардың шекараның ар жағынан келген 50 адамнан тұратын топтың қорғауымен Қытайға өту үшін топталып тұрғаны хабарланады. Көшті қоршап жүретін қарулы отрядтың 20 адамы бұрынғы атаман Михаил Дегилевтің тобы болса, қалғандарына Еңбекшіқазақ ауданының 13-ауылкеңесінің бұынғы төрағасы Танысбай Тоқтамысов жетекшілік жасаған. 29 қаңтар күні қарулы көш жолына кездескен 2 аңшыны ұстап, олардан 2 кесіліп жасалған қару тартып алып, Бәрібаев ауданының 2 ауылының колхозын, Октябрь аудандық халық сотын тонаған. Қарулы босқындарға қарсы Шелек аудандық ОГПУ уәкілдігі 25 ерікті сарбаз, Жаркент 49-шы Шекара отрядының 19 әскер және 3 коммунары жұмылдырған. Біріккен қарулы бөлімді застава бастығы Аржановский басқарған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5049-іс. 6-п.).

Қыстың қысқа осы күні кешке қарай сағат 18.30-да Аржановский тосқауылы 150-200 метрге жақындап келген босқындарды тоқтатуға әрекеттенеді. Қарулы босқындар мен шекарашылардың арасында 1 сағатқа созылған атыс болады. Қару-жарағы жоғары деңгейдегі шекарашылар отрядына шыдас бермеген босқындар тарапынан ішінде Михаил Дегилев бар 31 адам оққа ұшып, 4-уі жараланды. 10 ат, 5 түйе де оққа ұшады. 25 түйе мен 140 жылқы қолға түседі. Ұрыс соңына қарай босқындардың бір бөлігі шекараға қарай беттеп кете алған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5049-іс. 7-п.). М. Дегилев тобын талқандау кезіндегі адам шығыны туралы жоғарыдағы мәлімет ПП ОГПУ шекара күзеті және әскер басқармасы бастығының 1931 жылдың 15 ақпандағы кезектен тыс жедел ақпарында толықтырылған. Босқындар тарапынан жоғарыдағы адам шығынынан бөлек, заставаға жеткізу жолында 4 ер адам, 1 – әйел ауыр жаралы болып, қайтыс болған. Басқарма бастығы Вершининнің мәліметінше, босқындардың жалпы адам шығыны 35 ер адам, 5 әйел болған (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022: 135).

1931 жылдың мәліметтеріне сай, 5 наурызда Алакөл ауданы Қызылтоғай ауылында Шалынбаев 6 адамымен 1 қазақ шаруашылығын ертіп Қытайға қашқан. Аудандық мекемелердің ұйымдастырумен, коммунистік отряд қашушылардың Алакөл көлінің маңайында қуып жетеді. Босқындарға қарсы 11 мәрте оқ атылады. Босқындарды тінту барысында жапондық үлгідегі 1 винтовка және 60 оқ табылады. Басқа қаруларды босқындар Алакөлдің мұзы астына тастап жіберген. Босқындарға Адам есімді Анненков әскерінде болған адам жетекшілік жасаған. Жаркент ауданынан аупартком хатшысы Мусиннің мәліметтері бойынша 1931 жылдың 1 қаңтар мен 1 сәуір аралығында құрамында 54 кулак бар 200 шаруашылық көшіп кеткен. Бұдан бөлек 150 шаруашылықтың көші тоқтатылды. 5 наурызда 22 кедей шаруашылықпен бірге 26 шаруашылық Ханакан ауылкеңесінің 3/2-сі көшіп кеткен. 1931 жылдың 1 қаңтары мен 1 сәуірі аралығында Жаркент ауданынан 226 шаруашылық босып кеткен. Жалғыз жарым шекара бұзушылардың есебі жоқ. Астық пен ет дайындау науқандары мен төніп келе жатқан аштық қаупінен босқыншылыққа ұшыраған шаруалар кей жағдайда өкімет уәкілдері, кеңес қызметкерлерін кепілдікке алып көшкен жағдайлар да орын алған. Тарбағатай ауданының № 4 ауылынан 50 шаруашылық

ұйымдасқан түрде Қытайға көшкен. Босқындар өздерімен бірге осы ауылға келген аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі Есекеевті, ауатком нұсқаушысы Дүйсенбаев және бригадир Тастеновты кепіл ретінде алып кеткен. Босқындардың соңынан арнайы отряд жөнелтілген. Аупартком хатшысының мәліметіне қарағанда Жаркент ауданынан 1931 жылдың алты айының ішінде 300 шаруашылық көшіп кеткен. Кейбір ауылдарда ауа көшушілер ауыл тұрғындарының 3/1 бөлігін құраған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 23-п.).

Жаркент ауданында босқыншылық партиялық құжаттарда жан-жақты талданды. Мұнда босқыншылықтың басты себебі «байлардың әрекеті» деп танылды. «Байлардың үлкен жұмыс істеп жатқанын босқыншылық Жаркент ауданынан Шелек ауданына дейін, тіпті Алматыға дейін жалғасып жатқанынан көруге болады. Қазір көпшілік азық-түлік жоқтығынан (мақта колхоздары) емес. Колхозшылар мен жекешелердің кету себебін сұраса, не үшін босып жатқанын білмейді. Олар: «Білмеймін. Әркім өзін ғана біледі, басқаның ішіне кіріп шыққан ешкім жоқ». Бұлардың бәрі бұл жұмыстар ұйымдасқан түрде, онда да, шетелден де, аудан ішінен де жүргізіліп жатқаны деген тоқтамға келтіреді. Шекараның ар жағында осыннан кеткендер тұратын біздің аудандағыдай аталатын кишлактар бар. Ол ауылдарда туыстар тұрады. Екіншіден шекара бұзушылармен күрес әлсіреген. Шекарада қолға түсіп қайтарылғандар ешқандай шығыны шықпағанын, оларды мұнда асырайтынын айтып күледі. Кетуге тырысып бағады, болмаса қала салады. Үшіншіден Қытай жерінде бұрын қашып кеткен байлар Қытай өкіметіне жағыну арқылы өздерінің экономикалық және саяси жағдайларын жақсартып алғандар арасында жарылқаушының кейпіне еніп, өздерінің жерлеріне келушілерді орналастырады. Олардың жеке пайдасын бірнеше еселеп қайтаруды көздейді. Олардың негізгі басшылары қатарында революция кезінде қашып кеткен, қазір 1000-ға жуық жылқысы бар, ауқатты, бұрынғы болыс Мұқа Жабаяев бар. Ол туралы толық мәліметтер ОГПУ-да бар. Үдере көшудің тууына тауармен қамтудың сенімсіздігі де аз роль атқарып отырған жоқ. Жыл бойы дикандар өнеркәсіп товарларын алған жоқ, тіпті азын-аулақ алғандарымен үздік-үздік. Шәй да дұрыс жеткізілмеді. ... азын-аулақ жеткізілген тауарлар бронға қалдырылды. Товарларды беру үшін сүт, жүн дайындау талап етілді. Шәй алғысы келген тұрғындар тіпті көрпе-жастықтарды сөгіп, жүндерін тапсыруға дейін барды (Пенжімде)» - деп сипатталады (ЖОМА. 28п-қ. 1-т. 108-іс. 441-п.).

Жаркент ауданындағы ВОГПУ-дің ҚазАССР бойынша № 49 шекара отрядына 1930 жылдың 4 қарашасында Красноярск округтік әскери комиссариатынан 1908 жылы туған әскерге шақырылғандардан 75 сарбаз әкелінді. Осы тізімде 31-ші болып болашақ СОКП бас хатшысы Константин Черненко тұрды. (РМҚЗТА. 83-қ. 1-т. 336-іс. 1-п.) К.У. Черненконың әлеуметтік тегі «кедей шаруа» деп көрсетілген. Болашақ Бас хатшының жеке әскери карточкасындағы мәліметтерге сәйкес, 1931 жылдың 22 наурызынан Қорғас заставасында атты әскер ретінде тіркеліп, 1932 жылдың 1 сәуірінде Нарынқол заставасының атты әскер бөліміне бастық болған. Жеке әскери карточкада, сондай-ақ, 21 сәуір 1932 жылы әскер-революциялық кеңестің №151-32 жыл бұйрығы бойынша мерзімсіз демалысқа жіберілгені көрсетілген (РМҚЗТА. 83-қ. 1-т. 336-іс. 9-п.). К. Черненконың партиялық жеке карточкасында оның 1931 жылы 49-шы Әскери шекара отряды комсомол ұйымының жауапты хатшысы, ал 1933 жылдан Саржаздағы комендатура партия ячейкасы бюросы жауапты хатшысы қызметтерін атқарғаны көрсетілген (РМҚЗТА. 83-қ. 1-т. 336-іс. 12-п.). 1931 жылы 3 мамырдағы ВКП (б) Жаркент аудандық комитеті жанындағы қабылдау комитеті комиссия мүшелері Южанин, Нұрымов, Жантасовтардың қатысуымен партия мүшелігіне кандидаттарды қабылдаған. Шекара отрядының қызыләскері Черненко Константин 1911 жылы туған, ұлты орыс, әлеуметтік тегі шаруа, сауатты, 1926 жылдан ВЛКСМ мүшесі, БК(б)П мүшелігінекандидат, Шекара отряды ячейкасы мүшелігіне 20.02.1931 жылы № 1 хаттамамен өткізілген. Ұсыныс беруші, унев (жазу өшіп кеткен – Е.С.) Александр, партиялық өтілі 1925 жылдан партиялық билет № 0430122, Горбаколев П. Комиссияның қорытындысы: мүшелікке өткізілсін (ЖОМА. 28п-қ. 1-т. 108-іс. 500-п.).

Қарулы босқыншылық шекара бойындағы қақтығыстар арқылы көп мөлшерде адам шығынын әкелгені анық. Елде әке-шешесінен айрылған панасыз балалар көбейді. Тек 1932 жылдың наурыз, сәуір, мамыр айларында ғана Алматы облысында 2200 бала тартылған 12 балалар үйлері ұйымдастырылып, бұл мақсатқа 60000 сом қаржы бөлінсе, Шығыс Қазақстан облысында 4860 бала қабылданған 37 балалар үйі ұйымдастырылған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 149-п.). Ұйымдастырылған балалар үйі босқындардың

балаларының аман қалуына кепіл емес еді. Балалар үйлерінде аштық өршіп тұрды. Мысалға ОГПУ-дің 1932 жылдың 5 шілдесіндегі мәліметінде Өлкеком хатшысы Голощекинге Шығыс Қазақстан облысы Белағаш ауданындағы нашар тамақтану мен күтімнің болмауынан Қызыл ауылда 1932 жылдың сәуір-мамыр айларында 660 адамның 259-ы өлгені хабарланды. Ал Стеклянка селосында 170 бала өлгені анықталды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 156-п.).

1932 жылдың ортасында Батыс Қытайдағы қазақ босқындарының кері қайтуға ұмтылысы сыртқы істер органдарының алаңдаушылығын туғызады. 1932 жылдың 5 тамызында Синьцзяндағы консулдарға жолданған құпия хатта «Қазақ АССР үкіметіне жеткен мәліметтерге сай, соңғы жылдары Батыс Қытайға көшіп барған кедей-орташа қазақ шаруалары сондағы аштық кесірінен» кері көшпек ниетте екені айтылған. Қытайдың Синьцзянындағы кеңестік консулдықтардың алдына: 1) Қазақ АССР-іне көшуге ынталылардың көлемін әрбір аудан бойынша анықтау; 2) реэмиграция ауқымы, қай ауданнан, қашан көшпектігі туралы кез келген мәліметті уақтылы хабарлап отыру; 3) НКВД-тің 2-Шығыс бөлімінің 1932 жылдың 5 мамырдағы № 15718 (с) нұсқауына сай Қытай өкіметінен босқындардың КСРО өкімет орындарына берілуіне ресми және шекараның ашық пункттері арқылы жүзеге асыруын талап ету тапсырылды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 171-п.). Кеңестік өкімет орындары онсыз да аштық жайлаған елге босқындардың лап қоюынан сақтанғаны байқалады. Құпия хатта «КАССР үкіметі көшіп кетуші шаруашылықтарды қабылдау мен орналастыру бойынша бірқатар шаралар дайындалып» жатқаны айтылғанымен, консулдықтар босқындар ағыны заңсыз жолдармен көбейіп кетуіне жол бермеуге міндеттенді.

Шекаралық аудан саналатын Талдықорған ауданындағы босқыншылық әрекеттер 1933 жылдың өзінде толастамаған. Аудандық ОГПУ бөлімінің аупарткомға 1933 жылдың 21 қаңтарындағы құпия хаттында өңірдегі саяси ахуал жасырылмай жазылған. ОГПУ өкілінің жазғанындай, 1928 жылдың өзінде ірі байларды тәркілеу кезінде қашқын байлар қарулы күзеттің көмегімен Қытайға өтіп кетті. 1930 жылдың күзінде негізінен қазақ ауылдарында босқыншылық ұйымдастырылды. «Көшті 1928–1930 жылдары Қытайға қашып кетіп, қайтадан келген байлар қарулы бандылардың қорғауымен ұйымдастырды. 1930 жылы қыркүйекте Шаған маңында 10, 7, 8, 15 ауылдарынан 150 шаруашылықтың көшуі, 1931 жылдың көктемінде Қытайдан келген отрядтардың көмегімен 6, 7, 8, 10, 13 және 15 ауылдардан жалпы саны 400 шаруашылықтың көші тоқтатылды.» - делінген (ЖОМА. 25п-қ. 1-т. 185-іс. 37-п.).

Шекаралық аудандардағы босқыншылық мәселесі өлкелік партия органдары тарапынан жеке талқылауды қажет етті. Осы себептен 1932 жылдың 24 қаңтарында шекаралық аудандар аупарткомдары мен шекара отрядтарының партия бөлімдері хатшыларының кеңесі шақырылды. Жиынға Ақсу (Нұрсейітов), Алакөл (Бердалин), Аягөз (Елбосынов), Жаркент (Исаев), Зайсан (Буценец), Күршім (Нұрсейітов), Тарбағатай (Айтмамбетов), Октябрь (Қаңтарбаев), Шелек (Азнаметов), Кеген (Жамбұршин), Қатонқарағай (Погорелов), Лепсі (Клементьев), Үржар (Демме) ауданы хатшылары, Өлкекомнан Құрамысов, Құлымбетов, Дисконтов және т.б қатысты (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5588-іс. 2-п.). Бас қосу хаттамасында «аудандардың партия ұйымдары жекелеген шетелге және шеткі аудандарға көшу оқиғаларының нақты себептерін зерттемейді және осыдан келіп көшудің алдын алу үшін уақтылы шаралар қабылдамайды. Сонымен қатар көшушілердің әлеуметтік бөлініс тұрғысынан нақты есебі жүргізілмейді» - деп көрсетілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5588-іс. 3-п.).

И. Сталин басқарған БК(б)П билігі Қазақстандағы ахуалды тексеру мақсатында сенімді адамдарды жіберіп отырған. Мысалға 1932 жылы жазында Қазақстанда болған Г. Аронштам қалыптасқан ауыр жағдайды біршама объективті көрсетіп, осы жылдың 28 тамызында И. Сталинге құпия хат жолдаған. Соңғы жылдарда ғана құпиясыздандырылған бұл хатта Қазақстанды тұтас қамтыған халықтың туған жерін тастап үдере көшу жайын бейбіт кездегі жай көшіп-қону емес, аштықпен байланысты босқыншылық екенін аражігін ажыратып көрсетілген. «Тұтас ауылдар босуда. Кетушілер көп жағдайда абдырап, мүліктерін тастап қашуда. Қазақстаннан көшіп кеткен мұндайлардың саны толық емес мәліметтерге қарағанда 150-180 мың шаруашылықты құрайды. Бұдан бөлек көптеген адамдар Қазақстанның өзі шінде бір жерден екінші жерге қаңғып жүр. Босып кеткендер жолда қалған мүліктерін тауысып, осы жылдың көктеміне қарай мүлде кедейленген, қалыпты шаруашылық өмірден айрылған, аш-арық, әлсіргене және ауру адамдарға айналды.» - деп көрсетеді (РМҚЗТА. 3-қ. 61-т. 166-іс. 4-п.). Г. Аронштамның хатында Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық жайына да айрықша

назар аударылған. И. Сталиннің эмиссары құпия хатында, сондай-ақ, Семей көшелері, теміржол станциялары, Балқашқұрылыс маңайы аштан өлгендер мүрдесіне толғанын, Алматы облысы Үржар ауданында аудандық өкімет орындарының «қылмысты әрекетсіздігінің» кесірінен аштықтан үдере көшкен 225 шаруашылықтың 128-і бұл босқындарға қаржы мен азық-түлік бөлінгеніне қарамастан қырылғанын жасырмай көрсеткен (РМҚЗТА. 3-қ. 61-т. 166-іс. 4-п.).

Шекаралық аудандар санатындағы Кеген ауданының 1928 жылдан бастап Қытайға босқан халқының есебінен Қытайда Албан руынан 7 болыс (ақалақшы) тұрғындар қалыптасты. Бұл туралы ауданның саяси ахуалы туралы аупартком хатшысы Жәрдемалиев, аудандық бақылау комиссиясы төрағасы Тілеубердин қол қойған «өте құпия» анықтамада көрсетілген. Босқыншылықтың басты себебі ретінде анықтамада бай-кулактардың үгіт-насихаты, халықтың арғы бетте туыстарының болуы, жекелеген ауыл мен аудандық қызметкерлердің үкімет пен партияның бұйрықтарын түсінбегендіктен бұрмалауы аталды. Осы себептен 1932 жылы шекараның арғы бетінен келген қарулы «банданың» көмегімен ірі босқындар ағыны шетелге кетті (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5589-іс. 112-п.). Құпия анықтамада, сондай-ақ: «Эмигранттар қарулы топтарға ұйымдасып КСРО территориясына, атап айтқанда, біздің ауданға колхоз, совхоздардың малын тонау үшін және осында қалған туысқандары мен өз жанұяларын алып кету үшін келуде. Бандалар тобының біздің ауданға шекарадан өтіп келуі халықты мазасыздандырып отыр. Тұрғындардың бір бөлігі тіпті кейбір ауыл партия қызметкерлері бандалармен байланыстары бар болып, оларға азық-түлік, ат көлік, қарулы комотрядтар мен шекара әскери бөлімдерінің жүріс-тұрысы туралы мәліметтер жеткізу жағынан көмектесіп отыр. Босқыншылықтың тууына 10 колхозда дұрыстап күтіп-баптау болмауы, қуаңшылық, үсік жүруі кесірінен азық-түлік жеткіліксіздігі орын алғаны да әсер етті.» - делінген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5589-іс. 112–113-пп.). Құпия хатта көрсетілген себептер босқыншылық мөлшерін арттырғаны айтылады. 1929–1930 жылдарда Кеген ауданында 15154 шаруашылық болса, 1930–1931 жылдары 12940-шаруашылыққа кеміп, тиісінше 2259 шаруашылық көшіп кеткен. Ал 1931–1932 жылдың шілдесі аралығында ауданда 8247 шаруашылық қалып, 6497 түтін босып кетіп, тұрғылықты халық 50 %-ға кеміген. Ауданнан босқандардың бір бөлігі Қытайға, қалған бөлігі Қырғызстанға кеткен. Өте құпия анықтамада 1931 жылы Қытайға 26 БК(б)П мүшесі, 59 кандидат, жалпы саны 85 адам, ал 1932 жылдың басы мен 10 желтоқсан аралығында 19 БК(б)П мүшесі, 28 партия мүшелігіне кандидат, жалпы саны 47 адам кеткен. Өте құпия анықтамада босып кеткен коммунистер мен кандидаттарды 1932 жылдардың айларына бөлсе қаңтарда – 3, ақпанда – 1, наурызда – 0, сәуірде – 0, мамырда – 0, маусымда – 1, шілдеде – 2, тамызда – 5, қыркүйекте – 3, қазанда – 14, қарашада – 12, желтоқсанда – 1 адам кеткен. 1932 жылдың соңғы тамыз айынан кейінгі уақытта босқын коммунист-кандидаттардың күрт көбеюі үкіметтің осы жылдың 7 тамыз заңына орай жазалау шараларының көбеюіне байланысты екенін құпия ақпарат ашық көрсетілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5589-іс. 113-п.).

Қорытынды

1920-жылдардың аяғында Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа ұласты. Бұрын да аз мөлшерде малын айдап, сауда-саттық мақсатында шекара асып жататын қалыпты шаруалар көшін тұтас ауылдарды үдере көшуге ұйымдастырған қарулы босқыншылық алмастырды. Босқын жұрт қарулы отрядтар құрып, соның күшімен шекарадан өтіп, көшіп жатты. Босқындар қатарында көп жерлерде кеңес өкіметінің тірегі болған партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болды. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатының сәтсіздігін «бай-кулактардың арандатуынан» көрген кеңестік билік коммунистер мен комсомолдардан ерікті отрядтар, комотрядтар құрып, оларды әскери жаттықтырудан өткізіп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп көтерілісші шаруаларға қарсы салды. Шекаралық аудандардағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындарды асқан қатыгездікпен тонады. Екі жақты қыспаққа түскен қазақ шаруаларының барар жер, басар тауы қалмағанын байқататын бұл жағдай халық басына төнген нәубеттің апатты мөлшерін көрсетеді.

Sources

ZhSAR — State archive of Zhetysu region

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

PA RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
RSMHA — Russian State Archive of Modern History

Дереккөздер

ЖОМА — Жетісу облысының мемлекеттік архиві
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президенті архиві
РМҚЗТА — Ресей Мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві РМҚЗТА. 3-қ.

References

- Ablajei, 2017 — *Ablajei N.N.* Kazahski migrasionnyi maiatnik "Kazakhstan – Sinszän" Emigrasia. Repatriasia. İntegrasia. [Kazakh migration pendulum "Kazakhstan – Xinjiang" Emigration. Repatriation. Integration]. Karagandy: Bolaşak-Baspa, 2014. 273 p. (In Russ.)
- Abylhojin et al., 2022 — *Abylhojin J.B., Alimbai N.A., Turganbaeva L.R., Orynbaeva G.U., Jumadil A.K.* Ocherki po istorii tradisionnoi struktury kazahov v pervye sovetskie desätiletia: sotsiälno-ekonomicheskie i sotsiokülturnye aspekty [Essays on the history of the traditional structure of the Kazakhs in the first Soviet decades: socio-economic and socio-cultural aspects.]. Almaty: LEM, 2022. 455 p. (In Russ.)
- Aidarbaeva, 2023 — *Aidarbaeva R.Q.* 1930 jyldardaғы Şығыс Qazaqstan aumaғындағы boqynşylyq мәseleleri [Problems of corruption in the territory of East Kazakhstan in the 1930s]. Otan tarihy. 2023. No. 26(1). Pp. 30–43. (In Kaz.)
- Aldajumanov, 1998 — *Aldajumanov K.* Krestänskoe dvijenie soprotivlenia. [Peasant Resistance Movement]. Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremä i südbi. Almaty: Arys, 1998. Pp. 66–92. (In Russ.)
- Cameron, 2020 — *Cameron S.* Aştyq jailağan dala. Aşarşylyq, ozbyrlyq және keñestik Qazaqstandy ornatu [Hunger swept the steppe. Famine, arbitrariness and the establishment of Soviet Kazakhstan]. Almaty: Print House Gerona, 2020. 304 p. (In Kaz.)
- Jumabekov, 1973 — *Jumabekov J.* Leninskoi dorogoi. Rukovodstvo KPSS vovlecheniem trudovogo krestänstva Kazahstana v stroitelstvo sotsializma [Lenin Road. The leadership of the CPSU involving the working peasantry of Kazakhstan in the construction of socialism]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1973. 288 p. (In Russ.)
- Kazahskoe hozäistvo, 1926 — *Kazahskoe hozäistvo v ego estestveno-istoricheskikh i bytovykh usloviah* [Kazakh economy in its natural-historical and living conditions]. Ed. S.P. Şvesov. Materials for the development of land regulations in the Kazakh Autonomous Region. The Soviet Socialist Republic. Leningrad, 1926. 186 p. (In Russ.)
- Kindler, 2017 — *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vläst i golod v Kazahstane [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan]. Moscow: Politicheskaia ensiklopedia, 2017. 382 p. (In Russ.)
- Kudaibergenova et al., 2022 — *Kudaibergenova A.İ., Kozybaeva M.M., Mamytova S.N., Kurmanov Z.K., Issenov Ö.İ., Musagalieva A.S., Baidaly R.D., Kubeyev R.D.* XX ғасырдың 30 жж. басындағы жәппәй ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография [Kazakh refugees in the Central Asian republics and Russia during the mass famine of the early 30s of the XX century: a collective monograph]. Almaty: «Madiar» JK, 2022. 559 p. (In Kaz.)
- Pianciola, Zharassov, 2020 — *Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov.* Elusive rebels: researching the uprisings on the eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929–1931)) <https://bulletin-history.kaznu.kz>, Journal of history. No. 2(97). 2020. Pp. 34–43. (In Eng.)
- Ogaion, 2009 — *Ogaion İ.* Sedentarizasia kazahov SSSR pri Staline. Kolektivizasia i sotsiälnye izmenenia (1928–1945) [Sedentarization of Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and Social Change (1928–1945)]. Transl. from Fr. A.T. Rakisheva. Comp. B.M. Suzhikov. Almaty: Sanat, 2009. 365 p. (In Russ.)
- Omarbekov, 1994 — *Omarbekov T.* Zobalañ (Küştep üjymdastyruğa qarsylyq): Oqu qūraly [Zobalan (resistance to forced collectivization): a textbook]. Almaty: Sanat, 1994. 272 p. (In Kaz.)
- Omarbekov, 2018 — *Omarbekov T.* 1929–1931 jyldardaғы halyq köterilisteri [Popular uprisings of 1929–1931]. Almaty: Arys, 2018. 480 p. (In Kaz.)
- Saiasi quğyn-sürgin qūrbandaryn, 2022 — *Saiasi quğyn-sürgin qūrbandaryn tolyq aqtau jönindegi Memlekettik komisiyanıñ materialdary (XX ғасырдың 20–50 jyldary).* Materialy Gosudarstvennoi komisii po polnoi

reabilitatii jertv politicheskikh repressii (20–50 gody XX veka). T.5: Vynujdennye bejensy. Sbornik dokumentov i materialov [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression (1920s–1950s). Vol. 5: Forced refugees. Collection of documents and materials]. Comp. K.N. Baltabaeva, R.K. Aidarbaeva, Ş.B. Tleubaev, Q.J. Nūrbai, R.E. Orazov. Gen. ed. E.T. Karin. Almaty: Liter-M, 2022. 640 p. (In Kaz).

Sinisin, 2019 — *Sinisin F.L.*, Sovetskoe gosudarstvo i kochevniki. İstoria.politika, naselenie. 1917–1991. [The Soviet state and the nomads. History.politics, population. 1917–1991]. Moscow: Sentrpoligraf. 2019. 318 p. (In Russ.)

Әдебиеттер

Аблажей, 2017 — *Аблажей Н.Н.* Казахский миграционный маятник «Казахстан – Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганды: Болашақ-Баспа, 2014. 273 с.

Абылхожин және т.б., 2022 — *Абылхожин Ж.Б., Алимбай Н.А., Турганбаева Л.Р., Орынбаева Г.У., Жумадил А.К.* Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социально-экономические и социокультурные аспекты. Алматы: LEM, 2022. 455 с.

Айдарбаева, 2023 — *Айдарбаева Р.Қ.* 1930 жылдардағы Шығыс Қазақстан аумағындағы боқыншылық мәселелері // Отан тарихы. 2023. № 26(1). 30–43 бб.

Алдажуманов, 1998 — *Алдажуманов К.* Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: «Арыс», 1998. С. 66–92.

Жумабеков, 1973 — *Жумабеков Ж.* Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в строительство социализма. Алма-Ата: Казахстан, 1973. 288 с.

Казахское хозяйство, 1926 — *Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской Автономной Советской Социалистической Республике.* Под редакцией С.П. Швецова. Л., 1926. 186 с.

Камерон, 2020 — *Камерон С.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату / Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева. Алматы: Print House Gerona, 2020. 304 б.

Киндлер, 2017 — *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане // (Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной). М.: Политическая энциклопедия, 2017. 382 с.

Құдайбергенова және т.б., 2022 — *Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Мамытова С.Н., Курманов З.К., Исенов Ө.И., Мұсағалиева А.С., Байдалы Р.Д., Күбеев Р.Д.* XX ғасырдың 30 ж.ж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. 559 б.

Огайон, 2009 — *Огайон И.* Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945) (перевод с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б.М.Сужиков). Алматы: Санат, 2009. 365 с.

Омарбеков, 1994 — *Омарбеков Т.* Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық). Оқу құралы. Алматы: Санат, 1994. 272 б.

Омарбеков, 2018 — *Омарбеков Т.* 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері. Алматы: Арыс, 2018. 480 б.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессии (20–50 годы XX века).* Т. 5. Вынужденные беженцы. Сборник документов и материалов // Сост.: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов // Под общей редакцией Е.Т. Карина. Алматы: Литер-М, 2022. 640 с.

Синицин, 2019 — *Синицин Ф.Л.* Советское государство и кочевники. История.политика, население. 1917–1991. М.: Центрполтграф, 2019. 318 с.

Pianciola, Zharassov, 2020 — *Pianciola N., Zharassov A.* Elusive rebels: researching the uprisings on the eve of the Great Famine in Kazakhstan (1929–1931) // <https://bulletin-history.kaznu.kz>, Journal of history. 2020. № 2(97). Pp. 34–43.

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Абылхожин Ж.Б. 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ӘДІСНАМАНЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ-НОРМАТИВТІК СТЕРЕОТИПТЕРІНЕ СЫНИ ТАЛДАУ.....	424
Андреев С.Н. КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ 1954 Ж. ТЫҢ НАУҚАН.....	439
Панто Д., Калыбекова М. ХАЛЫҚТАРДЫ КҮШПЕН ДЕПОРТАЦИЯЛАУ КСРО ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПОЛЯКТАРЫ.....	453

ТАРИХ

Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. ЕДИГЕ БИДІҢ ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ.....	464
Берлібаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жұбанышов Б.Т. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АСТЫҚ, ЕТ ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.....	479
Гиде ван Каппель ПОЛ АНРИ САПАК СОҒЫС АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ: ҰЛТШЫЛЫҚ МЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ АРАСЫНДА.....	495
Ерменбаева Г.К., Нұрбаев Ж.Е., Сұлтанғазы Г.Ж. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНДЕГІ САЛЫҚТАР МЕН АЛЫМДАРДЫ ӨНДІРІП АЛУ ЖҮЙЕСІ.....	504
Капаева А.Т., Асанова С.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫН КЕҢЕЙТУ.....	519
Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР.....	532
Ноғайбаева М.С. АЛТЫН ОРДАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	543
Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	556
Стамшалов Е.И. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС Өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп-салдары.....	570
Түрсүн Х., Хакан Ас «АҚ ПАТША» РӘМІЗІ ЖӘНЕ РОМАНОВ ӘУЛЕТІ БИЛГІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ.....	585
Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Марғұлан А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ РЕТРОСПЕКТИВАСЫ.....	599

АНТРОПОЛОГИЯ

Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. 2022 ЖЫЛЫНДА АСПАРА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ.....	611
Жалаледин Ш.А. ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТТІК МҰРАСЫ (1980 ЖӘНЕ 2001 ЖЖ. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ).....	626

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Абылхожин Ж.Б. КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭТАЛОННО-НОРМАТИВНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОЙ МЕТОДОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ НЕКОТОРЫХ ВОПРОСОВ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АУЛА 1920-Х ГГ.....	424
Андреев С.Н. ЦЕЛИННАЯ КАМПАНИЯ 1954 Г. В СОВЕТСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	439
Панто Д., Калыбекова М. НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ КАК ИНСТРУМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ СССР: ПОЛЯКИ КАЗАХСТАНА.....	453

ИСТОРИЯ

Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. РОЛЬ ЕДИГЕ БИ В ИСТОРИИ УЛУГ УЛУСА (ЗОЛОТОЙ ОРДЫ).....	464
Берлибаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жубанышов Б.Т. ПОСЛЕДСТВИЯ ЗАГОТОВИТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ ЗЕРНА, МЯСА В 20-40-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	479
Гиде ван Каппель ПОЛЬ АНРИ СПААК В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД: МЕЖДУ НАЦИОНАЛИЗМОМ И ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМОМ.....	495
Ерменбаева Г.К., Нурбаев Ж.Е., Султангазы Г.Ж. СИСТЕМА ВЗЫСКАНИЙ НАЛОГОВ И СБОРОВ В ОРЕНБУРГСКОМ КРАЕ В XIX ВЕКЕ.....	504
Капаева А.Т., Асанова С.А. ГОЛОД 1921–1923 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: РАСШИРЕНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО РАКУРСА.....	519
Козыбаева М.М. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В БОРЬБЕ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ 1920-Х ГГ.....	532
Ногайбаева М.С. ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ.....	543
Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	556
Стамшалов Е.И. ВООРУЖЕННОЕ БЕЖЕНСТВО В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ.....	570
Турсун Х., Хакан Ас СИМВОЛ «БЕЛОГО ЦАРЯ» И 300-ЛЕТИЕ ПРАВЛЕНИЯ ДОМА РОМАНОВЫХ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЕ.....	585
Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Маргулан А. РЕТРОСПЕКТИВА ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	599

АНТРОПОЛОГИЯ

Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. НЕКОТОРЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ АСПАРА В 2022 Г.....	611
Жалаледин Ш.А. НАСЛЕДИЕ СТЕПНОГО ЗОДЧЕСТВА ТОРГАЙСКОЙ СТЕПИ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ 1980 И 2001 ГГ.).....	626

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abylkhozhin Zh.B.CRITICAL ANALYSIS OF THE REFERENCE AND NORMATIVE STEREOTYPES
OF THE SOVIET METHODOLOGY IN THE STUDY OF SOME ISSUES OF AUL SOCIO-ECONOMIC
HISTORY IN THE 1920S.....424**Andreenkov S.N.**THE 1954 VIRGIN LANDS CAMPAIGN IN THE SOVIET
AND MODERN RUSSIAN HISTORIOGRAPH.....439**Panto D., Kalybekova M.**FORCED DEPORTATION OF PEOPLES AS A TOOL OF THE NATIONAL POLITICS OF THE USSR:
POLES OF KAZAKHSTAN.....453

HISTORY

Alpysbes M.A., Aleushinov F.T.

THE ROLE OF EDIGE BI IN THE HISTORY OF THE ULUG ULUS (THE GOLDEN HORDE).....464

Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F.CONSEQUENCES OF THE GRAIN AND MEAT PROCUREMENT CAMPAIGN
IN THE 1920S-1940S.....479**Gide Van Cappe**PAUL HENRI SPAAK IN THE INTERBELLUM:
BETWEEN NATIONALISM AND INTERNATIONALISM.....495**Yermenbayeva G.K., Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh.**THE SYSTEM OF COLLECTING TAXES AND FEES IN THE ORENBURG REGION
IN THE 19TH CENTURY.....504**Kapayeva A.T., Asanova S.A.**

THE FAMINE OF 1921–1922 IN KAZAKHSTAN: EXPANDING THE RESEARCH PERSPECTIVE.....519

Kozybayeva M.M.INTERNATIONAL ORGANIZATIONS IN THE FIGHT AGAINST FAMINE IN KAZAKHSTAN
IN THE EARLY 1920S.....532**Nogaibaeva M.S.**

ETHNIC PROCESSES IN THE GOLDEN HORDE.....543

Sandybayeva A., Dinasheva L., Tastanbekov M.SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF TURKESTAN
(SECOND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES).....556**Stamshalov Y.I.**ARMED REFUGEES IN THE SOUTH-EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE 1930S:
CAUSE AND EFFECT.....570**Tursun Kh., Khakan As**THE SYMBOL OF THE "WHITE TSAR" AND THE 300TH ANNIVERSARY OF THE REIGN
OF THE ROMANOV DYNASTY IN THE NATIONAL PRESS.....585**Ualtayeva A.S., Apendiyev T.A., Margulan A.**

RETROSPECTIVE OF THE URBAN POPULATION OF KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S.....599

ANTHROPOLOGY

Buranbayev R.N., Kamaldinov I.R.

SOME RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE ASPARA SETTLEMENT IN 2022.....611

Jalaledin Sh.A.THE LEGACY OF THE STEPPE ARCHITECTURE OF THE TORGAI STEPPE (BASED ON THE RESULTS
OF FIELD STUDIES IN 1980 AND 2001).....626

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10(3)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.09.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй